



ТІЛ – ИНСТИНКТ

Тіл тарихы





Жоспар:

1. Пиджин тілі.
2. «Ым» тілдері.
3. Хомскийдің тұжырымдамасы.

Соқпақтың бас жағында қазіргі әлемде қолданылатын тілдердің пайда болуын зерттеуге тоқталған жөн. Тарихи тіл білімі қазіргі күрделі ұйымдасқан тілдер дамуының мейлінше көне сатыларына дейін індетіп іздеп бара алады, бұл мәселені бір қадамға кейінге шегіндіреді.

Алғашқы мұндай жағдайлар әлемдік тарихтың екі өкінішті оқиғасының салдары. Бірі Атлантика жағалауындағы құлдарды сату мен Тынық мұхиттың оңтүстік бөлігінде құлдықтың пайда болуы. Мүмкін Вавилон мұнарасы туралы еске алсақ, кейбір темекі, мақта, кофе және қант плантацияларының қожайындары әр тілде сөйлейтін құлдар мен жұмысшыларды саналы түрде араластырған; өзге қожайындар белгілі бір ұлтты қалағанымен, таңдау болмағандықтан, аралас құрамды жұмысшылар алуға мәжбүр болған. Әртүрлі тілде сөйлеушілерге нақты тапсырмаларды орындау үшін қарым-қатынас жасауға тура келгенімен олардың бір-бірінің тілін үйрену мүмкіндігі болмағандықтан, олар жедел түрде «пиджин» деп аталатын жаргон ойлап табады. Пиджин – отарлаушылар немесе плантация иелерінің тілінен қысқартып, үзіп алынған, сөздердің реті тұрғысынан жарыспалығы жоғары және грамматикасы аз сөздер тізбегі.

Кейде пиджин аралық тіл (лингва-франка) қызметін атқарып, біздің уақытымыздағы Тынық мұхитының оңтүстік жағалауындағы ағылшын пиджині сияқты біртіндеп онжылдықтар бойы күрделене береді. Алайда лингвист Дерек Бикертон көп жағдайларда пиджин бір толыққанды күрделі тілге айнала алады деген дәлел ұсынды: ол үшін бар болғаны жаңадан тілді игере бастаған балалардың өздерін ғана пиджинде сөйлейтін тілдік ортаға қалдыру керек. Бикертон ата-аналарынан оқшауланған балалармен оларға қарап жүрген жұмысшы тек пиджинде сөйлескенде осындай жағдайдың болғанын түсіндіреді. Бір-бірімен байланыспайтын сөздер тізбегін жай ғана қайталауға қанағаттанбаған балалардың грамматикалық жүйеге бұрын онда болмаған нәрселерді қосуының нәтижесінде жаңа сападағы өте айқын тіл пайда болды. Балалардың меңгеруі арқылы түрленген пиджин – креол тілі деп аталады.

Бикертонның негізгі дәлелдері тарихта болған бір-ақ мысалға негізделеді. Бақытымызға қарай, креолдарды туғызған плантациялардағы құлдық келмеске кетті. Алайда біз негізгі қатысушыларын зерттеуге мүмкіндік беретін креолданудың жалғыз мысалы салыстырмалы түрде жақында болды. Біздің жүзжылдық бастамалардың алдында Гавайи аралдарындағы қант плантацияларында шу шықты да, жұмыс күшіне деген сұраныс жергілікті халықтың мүмкіндігін бірден жойды. Жұмысшыларды Қытайдан, Жапониядан, Кореядан, Потругалиядан, Филиппин мен Пуэрто Рикодан әкелді де пиджин тілі тез дамыды. 1970 жылдары Бикертон олардан сұхбат алғанда осы тілдің бастауында тұрған жұмысшы-эмигранттардың көбі әлі тірі еді.

Пиджин сөйлеушілеріне айтпақ болған хабарларын жеткізу үшін қарапайым грамматикалық мүмкіндіктер бермейді – сөздердің орын тәртібі қатаң сақталмайды, сөзалды қосымшалары мен жұрнақтары жоқ, шақ түрлері немесе уақыт пен логикалық көрсеткіштер жоқ, жай сөйлемнен күрделірек құрылым мен кім өндіруші, кім әрекет иесі екенін білдіретін ойды жеткізудің бекітілген тәсілі де жоқ. Бірақ 1890 жылдардан бастап Гавайида пиджинді меңгеруге мәжбүр болып өскен балалар ақыр соңында мүлдем басқаша сөйлеп шықты.

Бикертон креол грамматикасы негізінен ата-аналар тарапынан күрделі ұйымдасқан тілдің қоспасымен бұзылмаған балалар ақылының өнімі болса, ол санада пайда болатын туа бітті грамматикалық тетіктердің айрықша айқын бейнесін қамтамасыз етуі тиіс деп атап көрсетеді. Ол бір-бірімен еш ортақтығы жоқ тілдер қоспасынан жасалған креол тілдері шектен тыс ұқсас, тіпті, олардың базалық грамматикасы да ортақ деп түйіндейді. Ол сондай-ақ бұл базалық грамматика балалар мейлінше реттелген тілдерді меңгеру кезінде жіберетін қателерінен де көрінеді деген алдына ала болжам айтады. Бұл жұқа жағылған әк қабатының астынан бұлдырап көрінетін тереңде жатқан өрнекті еске түсіреді.



Ағылшын тілінде сөйлеуші балалар былай айтады:

Why he is leaving? «Неге ол кетеді?»

Nobody don't likes me «Ешкім ешқашан мені сүйеді».

I'm gonna full Angela's bucket «Мен Анджеланы себетке толтырсам деймін».

Let Daddy hold it hit it «Мейлі Папа мұны ұстасын»

Олар әлемнің көптеген креол тілдерінде грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрылған сөйлемдерді еріксіз қайталайды.

Оның онжылдықтар немесе жүзжылдықтар бұрын болған оқиғаларды қайта қалпына келтіруіне байланысты болып отырғандықтан Бикертонның кейбір тұжырымдары даулы. Алайда оның негізгі идеясы тілдің балалар тарапынан креолдануы өзінің даму барысында байқалу мүмкіндігі қарастырылған жуырдағы екі эксперимент таңғаларлықтай етіп растады. Басқалары сияқты бұл тамаша жаңалықтар да саңыраулардың ым тілін зерттеу барысында ашылды. Кең тараған адасушылыққа қарамастан, ым тілдері – бұл білім беру қызметкерлерінің өнер табысы – ым мен ишара емес, сөйлеу тілінің қоғам болып қабылдаған шифры да емес.

Олар саңыраулар қауымдастығы болған жердің бәрінде бар және олардың әрқайсысы бір-бірінен ерекшеленетін, әлемдегі ауызша тілдердің бәрінде кездесетін грамматикалық құралдардың сол белгілі түрлерін пайдаланатын толыққанды тілдер болып табылады. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында саңыраулар пайдаланатын американдық ым тілі Англиялық немесе Британиялық ым тіліне ұқсамайды, алайда навахо немесе бантуды еске түсіретін тілдерге негізделген тектер жүйесімен сәйкес келеді.

Никарагуада соңғы уақытқа дейін ым тілдері мүлде болған жоқ, өйткені саңыраулар бір-бірінен оқшауланды. 1979 жылы сандинистік үкімет билікке келгенде білім беру жүйесіне реформалар жасап, саңырауларға арналған бірінші мектептер ашылды. Бұл мектептерде балаларды ерінге қарап оқу мен сөйлеп үйренуге басымдық берілді де, осы әдістеме қолданылған жағдайлардың бәрінде нәтиже көңіл көншітпеді. Бірақ бұл маңызды емес. Ойын алаңдары мен мектеп автобустарында балалар өздері ойлап тапқан ымдарға негізделген өзіндік жеке ым жүйесін жасап, оны өз отбасыларында пайдаланды. Көп ұзамай бұл жүйе орнығып, Lenguaje de Signos Nicaraguense – Никарагуалық ым сөйленісі (НЫС) деп атала бастады. Бүгінгі күндері осы тілді (НЫС) 10 жаста болғанда немесе одан асқан кезінде өздері жасаған құлағы естімейтін 17 мен 25 жас аралығындағы жастар әртүрлі дәрежедегі жылдамдықпен қолданады. Бұл негізінен – пиджин тілі.

Дженни Синглтон пен Элисса Ньюпорт сынды психолингвистер құлағы мүлде естімейтін он жастағы бір ұл бала мен оның саңырау ата-аналарын зерттеді. Балаға олар Саймон деген лақап есім берді. Саймонның ата-аналары біршама есейгенше (олар он бес, он алты жасқа толғанша) ым тілімен таныс болмағандықтан, тілді нашар меңгерген еді. Басқа да көптеген тілдердегі сияқты американдық ым тілінде де сөйлемнің тақырыбын көрсету үшін синтаксистік топты сөйлемнің басына шығаруға, оны сөзалды қосымшасымен немесе жұрнақпен (АЫТ-та қасты керу мен иек көтеру) белгілеуге болады. Elvis I really like! «Элвис, міне маған шындығында кім ұнайды!» – деген ағылшын сөйлемі осы айтылғанға жуықтайтын мысал бола алады. Алайда Саймонның ата-аналары бұл сөз тіркесін сирек пайдаланды және оны қолданған сайын бұзып, бұрмалады. Бірде Саймонның әкесі ым арқылы өз ойын былай айтпақ болып еді: My friend, he thought my second child was deaf «Менің досым, менің екінші балам саңырау деп ойлапты». Онысы мынадай: My friend thought, my second child, he thought he was deaf «Менің досым ойлапты, менің екінші балам, ол ойлапты, ол саңырау» – тәрізді тек АЫТ грамматикасын ғана емес, Хомский теориясы бойынша табиғи жолмен меңгерген барлық тілдерді басқаратын Әмбебап Грамматиканы да бұзатын ымдардың қойыртпағына ұқсайтын бірдеңе болып шықты. Саймонның ата-аналары АЫТ-та қабылданған етістіктің түрлену жүйесін де игере алмады.

Тілдің логикасын айқын көрсететін Хомскийдің классикалық мысалдарының бірі – сұрақ қою кезінде сөздердің орнын алмастыру процесімен байланысты.

Хомскийдің тұжырымдамасын балабақшадағы үш, төрт және бес жастағы балаларға жасалған Стивен Крейн мен Минехару Накаяма сияқты психолингвистердің эксперименттері арқылы тексерілді. Эксперимент жасаушылардың бірі «Жұлдыздар соғысынан» белгілі Джабба Хаттаны бейнелейтін қуыршақтың қимыл-әрекетін басқарды. Екіншісі балаға бірнеше сұрақ



қояды ұсынды. Балалар қажетті сұрақты ықыласпен қойды. Мұны Хомский алдын ала болжап айта білгеніндей, олардың біреуі де сөйлемнің қарапайым сызықтық ереже дәл осындай сөздер тізбегін беруі мүмкін болған грамматикаға сәйкес келмейтін грамматикалық ережелерге қойылатын шектеулер көп тілдерге тән құбылыс. Бұл да тілдің бастапқы формасын тиімділікке ұмтылудың бұлжымайтын нәтижесі деп түсіндіруге болмайтындығының тағы бір көрсеткіші. Жер шарының әр түкпірінде шашырап жатқан көп тілдерде көмекші етістіктер бар, ағылшын тіліндегі сияқты басқа тілдерде де сұрақтар мен өзге де құрылымдарды түзу үшін көмекші етістіктерді сөйлемнің басына шығарады; бұл әрқашан сөйлем құрылысының талабына сәйкес туындайды. Бірақ бұл сұрақ түзу ережесі жүзеге асатын жалғыз ғана жол емес. Дәл осындай тиімділікпен сөздер тізбегінің ең сол жақ шетіндегі көмекші етістікті сөйлем басына шығарып немесе бірінші сөз бен соңғы сөздердің орындарын алмастырып немесе сөйлемді тұтастай дәлме-дәл беру тәртібімен айтуға болады. Әртүрлі тілдердегі сұраулы сөйлем құру жолы еркін, бұл белгілі бір тілдік қауымдастық қабылдаған келісім; мұндай еркіндік программалау тілі немесе математикалық тілдер тәрізді тілдерге тән емес. Тілдердегі көмекші етістіктер мен орын алмастыру ережесі, зат есімдер мен сын есімдер, бастауыштар мен толықтауыштар, сөз тіркестері мен синтаксистік топтар, қарапайым сөйлемдер, септіктер мен қиысулар және басқаларға да негізделген әмбебап жоспар сөйлеушілердің ойында алдын ала үйлестірілетін сияқты. Өйткені басқа да көптеген жоспарлар одан да сәтті болуы мүмкін еді. Қалайша бір-бірімен байланысы жоқ өнертапқыштар таңғаларлық жолмен жазу машинкасының ортақ стандартына немесе бір ғана Морзе әліппесіне немесе бағдаршамның бірдей белгілеріне келді. Ойда грамматикалық ережелерге арналған «дайындамалар» болатындығы туралы тұжырым бөбектердің аузынан жаңадан шыққан ақиқатпен расталады. Мысалы, ағылшын тіліндегі *He walks* «Ол келе жатыр» сөз тіркесіндегі «s», қиысу жұрнағын алалық. Қиысу – көп тілдерде маңызды процесс, алайда көне ағылшын тілінде өркенденген едәуір бай жүйенің қалдығы ғана болып отырған оның қазіргі ағылшын тілінде басы артық.

Алайда балалар бәрібір күш шығындайды. Үш жарым жаста немесе одан да ертерек қиысу жұрнағы *-s*-ті оны қажет ететін сөйлемдердің 90%-нан астам жерлерінде қолданса, ол тыйым салынған сөйлемдерде іс жүзінде ешқашан қолданбайды. Бұл шеберлікке жету – үш жасқа толғаннан кейінгі бірнеше айға созылатын оның тілдік қауымдастығында қабылданған сөйлеу тілінің көптеген нәзік қырларын сақтай отырып, кенеттен сөйлемдерді еркін құрай бастайтын «грамматикалық дүмпу» кезеңінің бөлігі.

Бір қызығы, *-s* жұрнағы жалғанған тұлғаны есіне сақтау арқылы балалар ата-аналарын жай ғана еліктеп қайталай алмаған болар еді. Кейде ол ата-аналарынан естімегендігі шүбә туғызбайтын сөз тұлғаларын айтады:

Ол мама оған айтқан нәрсені жасайды. *делает* (сөзбе-сөз, жасайды-ды).

Еркін әрі грамматиканы дұрыс қолдана отырып сөйлеу шизофрения, альцгеймер ауруы, кейбір балалардың аутизмі мен афазияның кейбір түрлері сияқты көптеген ақыл-ес кемістігімен қатар жүре беруі мүмкін. Жуырда Сан-Диегода тұратын, мылжыңдық синдромына ұшыраған ақыл-есі кем қыздың ата-аналары ғылыми-көпшілік журналдан Хомскийдің теориялары туралы мақаланы оқып, оған Массачусет Технологиялық Институтына қоңырау шалып, қыздарын тексеріп көру оны қызықтырмас па екен деп сұрағаннан кейін айрықша таңғалдыратын синдромдардың бірі белгілі болды.

Хомский – ата-аналарына қызын Ла Джойедегі психолингвист Урсула Беллуджиге апаруды ұсынды. Беллуджи молекулярлық биолог, невролог және радиолог әріптестерімен бірге басқа да кейбір балалар сияқты бірнеше тесттен өткен бала (олар Кристал деп атаған) ақыл-ес кемістігінің сирек түрі – Вильямс синдромынан зардап шегетінін анықтады. Алдын ала жасалған болжам бойынша бұл синдром кальцийді реттеуге қатысы бар 11-хромосомадағы ақаулы генмен байланысты; нәліктен дәл осындай әсер ететіндігі белгісіз болғанына қарамастан, бұл ген миға, бассүйек пен ішкі ағзаларға олардың дамуы кезінде кешенді түрде әсер етеді. Мұндай балалардың сыртқы келбеті де айрықша: олар қысқа бойлы әрі нәзік, беттері қушиыңқы, маңдайлары кең, тайпақ кеңсірікті және үшкір иекті, көзінің сыртқы мөлдір қабатына жұлдызға ұқсайтын тамырлар тараған және дүрдек ерінді болады. Кейде оларды «эльф-адамдар» немесе «эльфбеттілер» деп атайды. Олардың ақыл-есі өте артта қалған, IQ-і 50-дің маңайында және



олар: бауды байлау, жолды табу, шкафтан затты алу, оң жағы мен сол жағын ажырату, екі санды қосу, сенің қасыңда велосипедті алып жүру сияқты күнделікті істейтін істері мен өзінің бірінші кездескен адамды қатты құшақтайтын табиғи бейімділігін тежеуге қабілетсіз.

Зертханалық тестер сөйлеу тілін жақсы меңгергендігі жөніндегі алған әсерді растайды: мұндай балалар құрмалас сөйлемдерді түсінеді және грамматикалық қателері бар сөйлемдерді жақсы деңгейде түзетеді. Олардың аса айрықша ғажайып ерекшелігі: олар өзгеше сөздерді өте жақсы көреді. Дені сау баладан бірнеше жануардың атын ата деп сұрасаңыз, сіз хайуанаттар дүкені мен мал қорадағы белгілі жануарлардың атын естисіз: мысық, ит, ат, сиыр, шошқа. Осы жайында Вильямс синдромды баладан сұрасаңыз, сіз нағыз кунсткамера аласыз: жалғызмүйіз, птеранодон, қодас, тырнақұтан, енеке, теңіз арыстаны, семсертісті жолбарыс, тазқара, қалталы аю, айдаһар және нағыз палеонтологтардың айрықша қызығушылығын туғызатын – «өзендегі бронтозавр». Он бір жастағы бір бала стақандағы сүтті шұңғылшаға (раковина) төгіп, былай деді: «Маған оны аттандыруға тура келеді». Басқа бір бала Беллуджиге суретті жария түрде тапсырып тұрып: «Доктор, бұл сіз туралы естелік», – деді.